

коррозиясына және гидраттардың түзілуіне алып келеді. Осының себебінен, газдарды өндіруде және транспорттауда үнемі құрамындағы ылғалдылықты қадағалау керек.

Табиғи газдың құрамындағы ылғалды анықтайтын бірнеше әдістер бар.

Олар:

- 1) номограмма бойынша (-сурет);
- 2) (9) және (10) формулаларды қолданып есептеу арқылы;
- 3) тәжірибе арқылы (берілген жағдайда салмақтық әдіс бойынша).

2.3 Номограмма бойынша табиғи газ құрамындағы ылғалды анықтау

Құрамында азоттың мөлшері жоқ және тұщы сумен өзара әсерлесуі бар, 1 кг 100 м³-та меншікті тығыздығы 0,6-ға тең болатын табиғи газ құрамындағы су буларының тепе-теңдік мөлшерінің қысым мен температураның кең диапазоның өзгеруінен алынған газ құрамындағы ылғалды анықтаудың тәжірибелік мәліметтері 2-сурет номограммасында берілген. Осы номограмма арқылы меншікті тығыздығы 0,6-ға тең газдарды анықтаудағы жіберілетін қателік, технологиялық режимдерде рұқсат етілетін $\pm 10\%$ көлемнен аспауы керек. Қателіктердің болуының басты себебі, негізінен, газдың өз құрамына байланысты.